

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 10-кіреберіс
тел: +7(7172) 74-27-03, +7(7172) 74-27-04

010000, город Нур-Султан, район Есиль,
проспект Мәңгілік Ел 8
Дом министерств, 10 подъезд
тел: +7(7172) 74-27-03, +7(7172) 74-27-04

№ _____

«MediaNet» ХЖО

050040, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 15Б, 10-кеңсе


2019 жылғы 10 шілдедегі
№ F-0107 хатқа

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті (бұдан әрі - *Комитет*) «Factcheck.kz» сайтының газдалған сусындар туралы сауалдарына өз құзыретінің шегінде ақпаратты қосымшаға сәйкес жібереді.

Косымша _____ п.

Төраға

Л. Бюрабекова



✉ Д. Шоканова
☎ 8 (7172) 74-26-97
✉ Алтысқызы Г.
☎ 8 (7172) 74-27-06

1. Сергітетін (оның ішінде энергетикалық) сусындар алкогольсіз және алкогольі аз сусындар түрінде шығарылады. Сергітетін заттардың (компоненттердің) көздері ретінде кофеинді және құрамында кофеин бар өсімдіктерді (өсімдік экстракттарын), шай, кофе, гуарана, матені, сондай-ақ сергітетін әсері бар дәрілік өсімдіктер мен олардың экстракттарын (женьшень, маралтамыр, қызғылт родиола, лимонник, элеутерококкты) пайдалануға жол беріледі.

Сонымен қатар өнімнің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу шеңберінде өнімді өткізу сатысында оны сатып алу және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізіледі. Сараптама нәтижесі бойынша газдалған сусындарда қауіпті химиялық заттар анықталған жоқ. Сонымен бірге «Тағамдық қоспалар, хош иістендіргіштер мен технологиялық қосалқы құралдардың қауіпсіздік талаптары» (029/2012 КО ТР) Кеден одағының техникалық регламентінде белгіленген рұқсат етілген нормалардан аспайтын мөлшерде тағамдық бояғыштардың тіркелу фактілері анықталды.

Көрсетілген тағамдық қоспалардың бар екендігі өнімнің тұтынушылық заттаңбасында жазылмаған, бұл «Таңбалануы бөлігінде тамақ өнімдері» (022/2011 КО ТР) Кеден одағының техникалық регламентінің құрамында балалардың белсенділігі мен зейініне жағымсыз әсер ететін «бояғыш (бояғыштар) бар» деген ескерту жазба регламенттелген 4.4-бабы 18-тармағын бұзу болып табылады.

2. Газдалған сусындардың обыр ауруларының дамуына ықпал ететіндігі туралы мәліметтер ғылыми дәлелденіп расталмаған, алайда жүктілік кезінде, бала емізу кезінде және балаларға газдалған сусындарды қолдануға болмайды.

3. Аспартам (Е951) тамаққа қолдануға рұқсат етілген тағамдық қоспа болып табылады. Аспартамның (Е951) бір тамшысының 1 тонна суды тәттілей алатындығы туралы ақпарат негізсіз және бұл ғылыми-зерттеу ұйымдарының құзыретіне жатады.

4. Ағымдағы кезеңде газдалған сусындарды пайдаланудан қайтыс болу жағдайлары тіркелген жоқ.

5. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес инфекциялық емес ауруларға қарсы күресте жүрек-қан тамыры және жүйке жүйесі, асқазан-ішек жолы ауруларын азайту жолдарының бірі энергетикалық сусындарды тұтынуды шектеу болып табылады. Осыған байланысты ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2013 жылғы 19 тамыздағы № 12 қаулысымен арнайы орта және жоғары оқу орындарында, денсаулық сақтау ұйымдарында, жасөсіпірімдер мен жастардың қатысуымен болатын мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілетін орындарда құрамында сергітетін компоненттер бар сусындарды сатуға тыйым салынған.

Осылайша 2019 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша өнім қауіпсіздігін ай сайын мониторингтеу шеңберінде барлығы алкогольсіз өнімнің 1094 сынамасы зерттелді, оның ішінде 183 үлгі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеді, бұл 16,7%-ды құрады, оның ішінде энергетикалық сусындардың 456 сынамасы зерттелді, оның ішінде 24 үлгіде (5,2%) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмеу анықталды.

Жалпы мөлшері ішінде сәйкес келмейтін алкогольсіз өнімдердің проценті: отандық өндіріс – 31,1 %, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өндірісі - 25,6% және үшінші елдердің өндірісі - 43,1%-ды құрады.

Сәйкессіздіктер таңбалау бойынша 56,2 %, қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша 39,3% және физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша 4,3 %, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 2,7%-да анықталды.

Мониторинг қорытындысы бойынша 3,8 тоннадан астам сәйкес келмейтін алкогольсіз өнім саудадан алынды.

Результаты согласования

18.07.2019 17:04:39: Алпыскызы Г. А. (Пресс-служба) - - согласовано без замечаний

18.07.2019 18:28:10: Садвакасов Н. О. (Комитет контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан) - - согласовано без замечаний

18.07.2019 18:30:14: Каскатаева Д. К. (Пресс-служба) - - согласовано без замечаний